

## Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 4 сәуірдегі N 82-ө өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 20 қыркүйектегі N 275-ө  
Өкімі

"Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне ақпараттық материалдар ұсыну кестесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 4 сәуірдегі N 82-ө өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Премьер-Министріне ақпараттық материалдар ұсыну кестесінде:

реттік нөмірі 27 - жолда :

2-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Тіркелген жинақтаушы зейнетақы қорлары, олардың жарғылық капиталдарының мөлшері, салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының саны және олардың зейнетақы жинақтарының көлемі туралы ақпарат";

3-бағандағы "Ұлттық Банк" деген сөздер "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 37-жолда 3-бағандағы "Ұлттық Банк" деген сөздер "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі" деген сөздермен ауыстырылсын ;

реттік нөмірі 41-жолда 3-бағандағы екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Есептік деректерге талдамалы түсіндірмелер - есепті кезеңнен кейінгі 100-күні, Ұлттық Банк".

*Премьер-Министр*